

Өнеркәсіп орындарының жұмысын тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 30 наурыз N 370. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Өнеркәсіп орындарының жұмысын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халықтан басқа тұтынушылардың барлық топтары үшін 1995 жылдың 1 сәуірінен 1 шілдесіне дейін, тәжірибе ретінде, электр қуатына қолданылып жүрген тарифтің 50 проценті мөлшерінде тарифі енгізілсін.

1995 жылдың 1 сәуірінде электр және жылу қуаты үшін жиналып қалған берешегін 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін өтелуін қамтамасыз етпеген тұтынушыларға аталған жеңілдік қолданылмайтын болып белгіленсін.

2. Зиян шегуші және рентабельділігі төмен энергетика мен электрлендіру өндірістік бірлестіктерінің шығындарын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Электр энергетикасын қаржылық реттеудің бюджеттен тыс қорын құрсын.

Электр энергетикасын қаржылық реттеудің бюджеттен тыс қорына аударымдар тауарлы өнімнің өзіндік құнына жатқызылады әрі зияндардың орнын толтыруға және олардың зиян шегуі мен рентабельділігінің төмендігі электр мен жылу энергиясы тарифтерінің белгіленген деңгейіне және олардың қызметіне байланысты емес басқа да себептерден болған бірлестіктердің жиналу мен тұтыну қорларына жұмсалады деп айқындалсын.

Қаржылық реттеудің бюджеттен тыс қорының аударымдық нормативтері мен шығыстық сметаларын Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бекітетін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті "Темір жол тасымалдарына арналған тарифтер туралы" өзінің 1995 жылғы 23 наурыздағы N 2/11 қаулысымен көмір тасымалы кезінде республикалық ішкі қатынастарға енгізілген тарифтерге 50 проценттік төмендетілген коэффициент белгілегені қаперге алынсын.

Республикалық және жергілікті қатынастарда көлемі жылына 100 мың тоннадан аса темір жол тасымалы болатын өнеркәсіп кәсіпорындары үшін 1995

жылдың 1 сәуірінен 1 шілдесіне дейін, аталған уақыт кезеңінде берешегін өтеуді қамтамасыз еткен жағдайда, сол тасымалдарға қолданылып жүрген тарифтен 30 процент мөлшерінде шегерім жасалады деп белгіленсін.

"Темір жол көлігімен жүк тасымалдағаны және басқа да қызмет көрсеткені үшін уақытылы ақы төлемеген жағдайда кәсіпорындар мен ұйымдардың жауапкершілігі туралы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 306 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 13, 158-бап) көзделген жүк алушылардың жүк тасымалдағаны үшін ақыны, алымдарды уақытылы төлемеген жағдайда темір жол кәсіпорындары есептейтін өсімдер жойылсын.

4. Электр энергиясы мен темір жол көлігіне қызмет көрсеткені үшін 1995 жылдың 1 сәуіріне дейін жиналып қалған берешегін 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін өтеген жағдайда аталған берешек бойынша бұрын есептелінген өсімдер мен айыппұлдар өндіріліп алынбайды деп белгіленсін.

5. Меншік нысанына қарамастан, үстіміздегі жылдың 1 сәуірі жағдайында дайын өнімнің көп қалдығы бар кәсіпорындар мен ұйымдарға оны сату мүмкіндігінің бағалары бойынша, бірақ нақты өзіндік құнынан кем болмайтындай етіп өткізуге, тәжірибе ретінде, рұқсат етілсін.

Пайда мен қосылған құнға салық салу мақсаты үшін өнімдерді өткізудің нақты бағасы қабылданады деп белгіленсін. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық салу мәселелері жөніндегі қолданылып жүрген актілерге қаулының осы тармағының туындайтын өзгерістерді енгізу жөнінде ұсыныс әзірлеп, енгізсін.

6. Электр энергетикасы саласы мен темір жол көлігінің кәсіпорындары, сондай-ақ қаулының 5-тармағында көзделген шарттармен өнімдерді өткізуді жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілер 1994 жылы бюджетке төлемдерін уақытылы төлемегені үшін салынған айыппұл санкциялары және 1995 жылдың жарты жылдығындағы олардың аванстық сомалары бойынша бюджетке төлем жасаудан босатылсын.

Бюджетке тұрған мекемелер мен ұйымдар айыппұл санақияларының 1995 жылғы 1 сәуірге дейінгі көрсетілген сомалары бойынша электр мен жылу энергиясына және темір жол тасымалдарына уақтылы есеп айырыспағаны үшін айыппұл санкцияларын төлеуден босатылсын.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1995 жылдың 30 сәуіріне дейін жүзеге асырылатын энергиямен жабдықтау ұйымдарының тиісті бюджеттер алдындағы берешегін өтеу есебіне бюджеттік ұйымдардың энергиямен жабдықтау ұйымдары алдындағы берешегін есепке алудың тәртібін белгілеп, бекітсін.

8. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат

жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесе отырып 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне электр энергиясы мен темір жол тасымалдары тарифтерін негіздеу жөнінде ұсыныстар енгізетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан

Республикасының Баға және монополияға қарсы мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірге үстіміздегі жылдың 15 мамырына дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне электр энергетикасы саласын басқаруды құрылымдық жағынан қайта құру жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары